

Қазақстан халықтары Ассамблеясының оныншы сессиясын өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2003 жылғы 28 қарашадағы N 291-ө
өкімі

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан халықтары Ассамблеясының оныншы сессиясын шақыру туралы" 2003 жылғы 4 қарашадағы N 427 өкіміне сәйкес:

1. Қазақстан Республикасының Мәдениет министрлігі 2003 жылғы 23 желтоқсанда Астана қаласында Қазақстан халықтары Ассамблеясының оныншы сессиясын (бұдан әрі - Сессия) өткізуді ұйымдастырсын.

2. Сессияны өткізу жөніндегі іс-шараларды қаржыландыру 2003 жылға арналған республикалық бюджетте 38 "Мемлекеттік және басқа тілдерді дамыту" бағдарламасы бойынша Қазақстан Республикасының Мәдениет министрлігіне көзделген қаражаттың шегінде жүзеге асырылсын.

3. Облыстардың және Алматы қаласының әкімдеріне Сессияға қатысушылардың іссапар шығыстарын тиісті жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен қаржыландыруды қамтамасыз ету ұсынылсын.

Премьер-Министр